Ақтөбе қаласының білім бөлімінің ұйымдастырылуымен "Мектеп лигасы" бағдарламасы бойынша 5-6 класс оқушылары арасында баскетболдан командалық есепте ер балалар ІІІ орын иеленді.



02.02.2024 жылы

№ 29 орта мектебінде Ақтөбе қаласының 155 жылдығына орай қала мектептер арасында

дойбыдан ашық турнир өтті.

Оған қала мектептерінің дойбышы бастауыш сынып 4 класс оқушыларынан құралған командалар қатысты.

Мақсаты: Салауатты өмір салтын қалыптастырып, достық қарым-қатынас нығайту, оқушыларды спортқа баулу. Қатысқан мектептер:

12 ОМ КММ, 29 ОМ КММ, 72 ІТ МЛ

Ер балалардың арасында:

№ 29 ОМ -1 орын

№72 ІТ МЛ-2 орын

№12 ОМ -3 орын

Қыз балалар арасында:

№72 ІТ МЛ-1 орын

№29 ОМ -2 орын

№12 ОМ -3 орын

Өткізген: дене шынықтыру пәні мұғалімдері

Малиновская И.В. Орынбасарова Ф.О.

Қазбеков Н.С. Анарбаева М.А.

Ұйымдастырушы: ДТЖО Хомутова А.К.



"Мектеп лигасы" VIII мөлтек тобы бойынша 5-6 сынып ұлдар арасындағы баскетбол жарысында біздің команда І орынды иеленді



Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында оқушылардың жеткен жетістіктері талдаудан өтіп, келесі **ұсыныстар** ұсынылды:

1. Дене шынықтыру пәніне қызығушылығы төмен оқушыларды қосымша үйірме, секцияларға тарту;

2. Отбасылық эстафеталар санын көбейту;
3. Мұғалімдер арасында салауатты өмір салтын ұстану мақсатында іс шаралар ұйымдастыру;
4. Жетістікке жеткен спортшы оқушылармен дайындық жұмыстарын тоқтатпау.

02.03.2024 жылы мектебімізде Жиенбаева Айгул Құрмановна дәрігер фтизиатор білімалушыларға «Туберкулез туралы не білуіңіз керек?» тақырыбында дәріс жүргізді.



03.04.2024 тақырыбы: «Ерте жүктіліктің алдын алу» мектебімізде дәрігер-гинеколог Айгүл Асқарқызы Шынахметованың қатысуымен жиналыс өтті.

Мақсаты «Ерте жүктіліктің алдын алу» атты қыздар жиналысы талапқа сай өткізу. Қыздармен ерте жүктілікті туралы мағлұматтар беріп және әртүрлі ситуациялық сұрақтар қойып, сұрақтарға жауаптар алынды.



23.04.2024 ж класс «Білім беру ұйымдарында және олардың аумақтардында енгізуге тыйым салынған, қолданылуы шектелген заттар мен заттардың тізбесін бекіту» туралы түсіндірме жұмысы өткізілді. Оқушыларға білім беру іс-әрекетіне қатысушылардың денсаулығына қандай бөгде заттардың зиян келтіруі мүмкін екендігін түсіндіру және оқушыларды бұйрықпен таныстыру.



БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ бойынша мектебімізде әрдайым **ата-аналарды қолдау орталығы** аясында әкелер, аналар, әжелер, аталар клубының іс – шаралары ұйымдастырылды.

04.11.2023 ж мектебімізде жалпы ата-аналар жиналысы өтті. " Бір тұтас тәрбие - құндылықтар жүйесі " тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті.Жиналыста бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша айтылды. «Біртұтас бағдарламасы» мен «Ата-аналар қоладау орталығы» туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп мәліметтер берілді.



19.01.2024 ж. мектебімізде "Отбасы - отбасы бесігі" атты ата-аналарды қолдау орталығының отырысы өтті. Бастауыш сынып ата-аналары берілген тақырып бойынша лекция тыңдап, сұрақтарға жауап берді.

Әлеуметтік педагог Т.К.Алитурлиева мен психолог Г.Е.Имангазина сабақ жүргізіп, тренинг өткізді. ДТІЖО А.К.Хомутова ұйымдастыруымен болған кездесу жоғары деңгейде өтті.



14.02.2024 жылы мектебіміздің "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында, "Бастауыш - білім бастауы" онкүндік аралығында сыныптан тыс, мектепалды даярлық кластар арасында ата - аналар қатысуымен "Әке, ана және мен" атты спорттық сайыс өтті.

Дайындаған: даярлық класс мұғалімдері

Шуйтенова Н.М., Кинеева С.У., Орынбасарова Ф.Б

Ұйымдастырушы бастауыш ӘБ жетекшісі Сактаганова А.К.



Ата аналар мектебі аясында 26.03.2024 жылы мектебімізде "Домбыра Party" фестивалі өтті. Фестивальге ата-аналар, оқушылар, шақырылған қонақтар қатысты. Ән айтылып, күйлер тартылды, жанға жақсы әсер беретін атмосфера орнады.

"Екі ішектің бірін қатты, бірін сәл-пәл кем бұра. Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра". Халық жазушысы Қадір Мырза Әлінің осы бір қанатты сөздері күмбірлеген қара домбыраның сан ғасырлық тарихын әспеттесе керек. Екі мың жылдық тарихы бар, көненің көзі, қазақтың жаны, Алтай-Атырау арасындағы алқаптың үні, бабаларымыздың мың жылдықтан есітілетін жаңғырығы, қос ішек пен бір тиекке сыйдырған нағыз аспап, нағыз қазақ – домбыра.



Ата аналар мектебі аясында 27.03.2024 жылы мектебімізде "Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер" тақырыбында мата, жүн, былғары, киіз, ағаш, жіп, қағаз, сазбалшық т.б заттардан жасалған қолөнер көрмесі өтті. Көрмеге ата-аналар, оқушылар, қатысты.

Қатысушылар қолдан жасалған бұйымдардың жасалу тәсілін айтып, көрерменге таныстырды. Жасалған бұйымдар жиналған қауымды танқалдырды. Ата-аналарымыздың қол өнерге деген қызығушылықтары зор екені байқалды.



24.04.2024 ж “Ұлттық құндылық -ұлтжанды ұрпақ” атты қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің апталығында (интеграция) “Жүсіпбек Аймауытовтың педагогика әлемі” тақырыбында ата-аналар мен мұғалімдер арасында дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты: Шықпаса жаның денеңнен,

Не салса тағдыр көрем мен.

Бір өзім үшін өлмеймін,

Бір ғана соған сенем мен.

Кеудеде әзір жүрек бар,

Тілек бар, соған сенем мен.

Артымда қыруар елім бар,
Өлсе де денем - мен өлмен! -деп жазған соңғы өлеңінде. Сондай-ақ,
адам өз-өзін танымай өзгені тани алмайды, ұлт та солай, өз ұлтының жаһұтын көрмейтіндер
адамзаттың асылын қалай танысын! Сондықтан да ұрпағымызды тәрбиелеуде, ұлтымызды,
сол арқылы адамзатты тәрбиелеген Ұлт Ұстаздарын тануымыз керек.... -деп педагогика
саласында жазған зерттеулерін талқыға салды.

Егизова Н.М



27.04.2024 ж әкелер, аналар клубын дәріптеу мақсатында # 29 орта мектеп КММ-тің, Әбіш
Кекілбаев атындағы #72 ІТ мектеп лицейінің ата-аналары бірігіп "Аяла" арнаулы әлеуметтік
қызметтерге мұқтаж орталығының тәрбиеленушілермен біріккен тал отырғызу шарасы өтті.



Мектебімізде 24.01.24 “Сен сұлу” қыздар клубы ашылды. Жетекшісі: Зілтай А.Б.
Жауапты: ДТЖІО Хомутова А.К.

“Сен сұлу” қыздар клубының мақсаты: қазіргі қоғамдық ортада азаматтық ұстанымдары бар,
жеке өмірде отбасылық міндеттерді алған білімімен ұштастыра білетін ұлтжанды,
парасатты, ұлттық салт-дәстүр мен мәдениетті дәріптейтін шынайы қызбала қалыптастыру
және мектепте білім алушыларының сырласатын, ой бөлісетін, қажетті кеңестер ала алатын
текті қыздар ортасын құру.



06.03.2024 күні мектебімізде 5-6 класс қыздар арасында “Сен сұлу” қыздар клубының ұйымдастыруымен “Анаға қарап қыз өсер” байқауы өтті. Жетекшісі Зілтай.А.Б.



24.05.2024 жылы Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында " Қонақ күту -салтымыз" атты қыздар клубының отырысы өтті.

Мақсаты: Қонақ күту -қазақ халқының дәстүрлерінің бірі екенін, ол адам арасындағы қатынастың көрінісі екенін түсіндіру. Қонақ күтудің ерекшелігін, оған балалардың және отбасының әр мүшесінің қатынасын түсіндіріп, ' қонақжайылық", " меймандылық" деген сөздердің мағынасын түсіндіру. Аналар өздерінің қонақ күтудегі тәжірибесімен бөлісіп мастер-класс көрсетті.

Іс шараға 5,6,7 сыныптың оқушылары, ата-аналары қатысты.

Ұйымдастырушы: " Сен сұлу" қыз балалар клубының жетекшісі Зілтай А.Б.

Идея: ДТЖІО Хомутова А.К.



«№29 орта мектебі» КММ-дегі психологиялық қызметі бойынша 2023-2024 оқу жылының жылдық есебі

«№29 орта мектебі» КММ-дегі психологиялық қызметі Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының ұсынып, бірлесе жасақталған жоспар арқылы жүзеге асып отыр.

Жұмыс жоспары жеті бағыт бойынша жасалынып, мектеп директорының ТІЖО Хомутовамен тексеріліп, мектеп директоры Мухашев Е.Е. бекітілді.

Енді өткізілген жұмыстарға жеке жеке тоқталайық.

Қыркүйек айы: 1 сынып оқушыларының мектепте оқуға дайындығын Семаго Н.И. әдістемесі арқылы зерделеу. Нәтежесінде:

Сынып	Барлығы	Қатысты	Дайын	Шартты дайын	Дайын емес	Шартты дайын емес

1А	20	20	18	2	-	-
1Ә	19	19	11	8	-	-
1Б	31	31	22	9	-	-
1В	30	30	25	5	-	-

Зерделеу нәтежесімен класс жетекшілерді, ата-аналарды ата-аналар жиналысына қатысып, интерактивті тақта арқылы таныстырылды.

5 сынып оқушыларының жаңа ортаға бейімделу мәселесі бойынша «Із кесуші» психологиялық ойыны өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың өміріне жаңа қосымша мағыналар, сезімтал түстер, мәдени мағыналар енгізу арқылы қатысушылардың өмір сүру кеңістігін кеңейту.

Оқушылар және олардың ата-аналарына мектептің «Сенім жәшігі» мен «Сенім телефоны» жұмыс жасайтыны туралы мәлімдеу мақсатында мектептің Instagram желісінде ақпарат салынды.

Мектептің инстаграмм парақшасында жарияланған ақпарат ата-аналар тарапынан үлкен қызығушылық танытты. Соның ішінде 1-ші сынып ата-аналары арасында телефон соғып сұрақ қойғандар бар болды.

5 сынып оқушыларының жаңа ортаға бейімделу мәселесі бойынша білім алушыларға Н.Г. Лусканованың «Оқу мотивациясы» атты әдістемесі өткізілді.

Нәтежесінде:

Сыныбы	Барлығы	Қатысты	Жоғарғы	Жақсы	Орташа	Төмен	Дезадаптация
5А	16	16	1	15	-	-	-
5Ә	18	18		18	-		
5Б	29	29	1	28	-	-	-
5В	26	26	1	25	-	-	-

10 «А» сынып оқушыларының элеуметтену деңгейін анықтау мақсатында В.Д. Рожков әдістемесі өткізілді. Зерделеуге сынып түгелімен қатысты. Нәтежесінде:

Сыныбы	Барлығы	Қатысты	Жоғарғы	Жақсы	Орташа	Төмен	Дезадаптация
10 А	17	17	-	17	-	-	-
10Ә	15	15	-	15	-	-	-
10Б	20	20	-	20	-	-	-
10В	19	19	-	19	-	-	-

8-11 класс оқушыларының эмоционалды ерекшеліктерін зерделеу мақсатында депрессиялық көңіл күйді анықтайтын «Басса Дарки» әдістемесі өткізілді.

Нәтежесінде:

8-11 сынып оқушыларының саны	Сауалнамаға қатысқандар саны	Сауалнама нәтежесі бойынша «тәуекел топ» саны	Сұхбат нәтежелері бойынша анықталған оқушылар саны
252	227	2	2

8-11 класс оқушыларының эмоционалды ерекшеліктерін зерделеу мақсатында депрессиялық көңіл күйді анықтайтын «ДАСС» әдістемесі өткізілді.

Нәтежесінде:

8-11 сынып оқушыларының саны	Сауалнамаға қатысқандар саны	Сауалнама нәтежесі бойынша «тәуекел топ» саны	Сұхбат нәтежелері бойынша анықталған оқушылар саны
252	227	2	2

5-7 класстар оқушыларының эмоционалды ерекшеліктерін зерделеу мақсатында депрессиялық көңіл күйді анықтайтын «Филипс» әдістемелері өткізілді.

6-7 сынып оқушыларының саны	Сауалнамаға қатысқандар саны	Сауалнама нәтежесі бойынша «тәуекел топ» саны	Сұхбат нәтежелері бойынша анықталған оқушылар саны
288	288	1	1

9 класс оқушыларымен «Голомшток» әдістемесі жүргізілді. Мақсаты: кәсіби бағдар беру.

8-11 сыныптар арасында «Мазасыздануды зерттеуге арналған тест. Спилбергер Ханин сауалнамасы» -өткізілді. Нәтежесінде:

8-11 сынып оқушыларының саны	Сауалнамаға қатысқандар саны	Сауалнама нәтежесі бойынша «тәуекел топ» саны	Сұхбат нәтежелері бойынша анықталған оқушылар саны
252	227	2	2

7-8 сыныптар арасында Л.Н. Собчиктің ММРІ «СМИЛ» әдістемесі.

7-8 сынып оқушыларының саны	Сауалнамаға қатысқандар саны	Сауалнама нәтежесі бойынша «тәуекел топ» саны	Сұхбат нәтежелері бойынша анықталған оқушылар саны
175	175	0	0

4 сынып оқушыларының арасында Э.Ф. Замбацявичененің әдістемесі өткізілді.

4 сынып оқушыларының саны	Сауалнамаға қатысқандар саны	жоғарғы	орташа	төмен
112	112	19	93	-

Зерделеу нәтежесімен класс жетекшілерді, ата-аналарды ата-аналар жиналысына қатысып, интерактивті тақта арқылы таныстырылды.

8-11 сынып қыздарының арасында зорлық зомбылықтың алдын алу мәселесі бойынша сауалнама жүргізілді.

8-11 сынып қыздарының саны	қатысқан саны	нәтежесі
83	83	оңтайлы

9-11 сынып арасында буллингтің алдын алу мәселесі бойынша сауалнама жүргізілді.

9-11 сынып саны	қатысқан саны	нәтижесі
156	156	оңтайлы

Әдістемелердің нәтижесі бойынша анықталған оқушылармен жыл бойына психологиялық қолдау жүргізілді. Және де «Уверенность в себе», «Формула выбора профессии», «Сила воли и характер» тақырыптарында жеке тренингтер, кеңестер жүргізілді.

2023-2024 оқу жылы бойынша

әлеуметтік педагогтың атқарылған жылдық жұмыс есебі

Әлеуметтік педагогтың жұмысының мақсаты:

Мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік –педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әл-ауқатын арттыру

Міндеттері:

Мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайын жан-жақты зерттеу және болжау, сол арқылы әлеуметтік шаралардың орындалуын қамтамасыз етіп, бала үшін білім алуға қолайлы орта құру.

- «Бала –отбасы –мектеп» модельіндегі әлеуметтік –педагогикалық жұмыс негізінде әлеуметтік жетімдіктің алдын алу.
- Оқушылардың құқықтық, әлеуметтік білімі мен жауапкершілігін қалыптастыру, баланың жан-жақты дамуын әлеуметтік –педагогикалық сүйемелдеу.

Балалар әрдайым ортақ мәселе болды және болып қалады: жалпы қоғам, мемлекет, адамдар, ата-аналар және әр адам. Білім өздігінен адамды қалыптатырмайды. Мектебі бар отбасы бүкіл тәрбие кешенінің ғана емес, сонымен қатар бүкіл қоғамның сәттілігі мен сәтсіздігін анықтайтын тәрбиелік ортадағы факторлардың маңызды кешенін жасайды. Өкінішке орай, қарым-қатынастың мұндай үйлесімділігіне қол жеткізу әрдайым мүмкін бола бермейді, өйткені отбасылардың көп бөлігі экономикалық мәселелерді шешумен айналысатын жағдайларда көптеген ата-аналардың әлеуметтік өздерін тәрбиелеу және жеке даму мәселелерін шешуден бас тартады. Баланың жеке басының қалыптасуына әлеуметтік және саяси органдың өзгеруі әсер етеді. Осыған байланысты әлеуметтік қорғалмаған, аз қамтылған, көп балалы отбасыларға көмек бағдарламасы баламасы ұйымдастырылуы керек!

2023-2024 оқу жылында әлеуметтік педагогтың жұмысы мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға бағытталған.

Оқу жылының басында ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 №382 бұйрығына сәйкес әлеуметтік педагогтың жылдық жоспары құрылды. Жылдық жоспарға сәйкес әлеуметтік-педагогикалық жұмыс төмендегі алты бағыт бойынша ұйымдастырылды:

I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу

II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы

III. Өртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс

IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы

V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс

VI. Диагностикалау-талдау қызметі

I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу

Ақтөбе облысының басқармасы Ақтөбе қалалық білім бөлімі Мемлекеттік мекемесінің «№29 орта мектебі» КММ әлеуметтік педагогтың жұмысы 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бойынша жүргізілді. Оқу жылы барысында мектептің әлеуметтік педагогтың жұмысындағы негізгі міндеттері балалардың құқықтарын әлеуметтік қорғау, баланың дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау, отбасы мен мектеп арасында байланыстар мен серіктестік қатынастар орнату болды. Өз қызметінде оң нәтижелерге қол жеткізу үшін әлеуметтік педагог:

➤ ҚР Конституциясын, "Білім туралы" ҚР Заңын, Бала құқықтары туралы Конвенцияны, "Бала құқықтары туралы" ҚР Заңын, Нормативтік актілерді басшылыққа алды;

➤ Ата-аналармен байланыста болды;

➤ Оқушылардың әлеуметтік мәселелерін зерттеді;

➤ Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан және өмірлік қиын жағдайға тап болған балалармен есеп жүргізіп, алдын алу жұмыстарын жүргізді;

➤ «Тәуекел тобындағы» отбасыларды (көп балалы, қорғаншылықтағы, асыраушысынан айырылған, толық емес, тұрмысы төмен, биологиялық емес ата-аналар тәрбиелеп отырған балаларды) әлеуметтік қорғауды жүзеге асырды.

➤ Қамқорлықтағы және жағдайы нашар отбасыларға патронаж жүргізді.

➤ Класс жетекшілерге кеңес берді, жалпы мектептік және кластық ата-аналар жиналыстарына қатысты.

№29 ОМ білім алушылар контингенті 994 баланы құрды.

Құжаттаманы жаңарту және құру.

Бұл оқу жылы 2023-2024 жылына арналған құжаттаманы жаңартудан және жасаудан басталды:

- Әлеуметтік педагогтың жеке жоспары;

- Әлеуметтік-педагогикалық-психологиялық қызметінің жұмыс жоспары;

- Бракераж бен мониторинг комиссиялардың жұмыс жоспары;

- «Тәуекел» тобындағы оқушылармен жұмыс жоспары;

- Өгей ата-анасымен тәрбиелеп отырған оқушылармен жұмыс жоспары;

- Сәтсіз отбасылардан шыққан оқушылармен жұмыс жоспары;

- Ата-аналары деструктивті діни ағымдардың жақтаушылары болып табылатын оқушылармен жұмыс жоспары;

- «Қоғамға қызмет» волонтерлік клубының жұмыс жоспары;

- Мектептің медиация қызметінің жұмыс жоспары.

Келесі ережелер әзірленді және бекітілді:

- Мектептің медиация қызметінің ережесі;
- Әлеуметтік-педагогикалық-психологиялық қызметінің ережесі;
- «Қоғамға қызмет» волонтерлік клубының ережесі;
- Балалар өкілдігінің ережесі.

Келесі тізімдер жаңартылды және жасалды:

- Мектептің әлеуметтік төлқұжаты;
- Толық емес отбасылардан шыққан оқушылар тізімі;
- Көпбалалы отбасылардан шыққан оқушылар тізімі;
- Аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушылар тізімі;
- АӨК алатын отбасылардан шыққан оқушылар тізімі;
- Ыстық тамақпен қамтылған оқушылар тізімі;
- Жетім мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың тізімі;
- Жартылай жетім оқушылар тізімі;
- Террористік аймақтарынан оралған оқушылар тізімі;
- Ерекше білімді қажет ететін оқушылар тізімі;
- Үйде оқытылатын оқушылар тізімі;
- Өгей ата-анасымен тәрбиелейтін оқушылар тізімі;
- Сәтсіз отбасылардан шыққан оқушылар тізімі;
- Ата-аналары деструктивті діни ағымдардың жақтаушылары болып табылатын оқушылар тізімі;
- «Тәуекел тобындағы» оқушылар тізімі.

Оқу жылының басында мектептің оқушыларына мониторинг жүргізілді. Оның барысында отбасылардың материалдық-тұрмыстық деңгейін анықтау үшін белгілі бір мәртебе санаттары бойынша оқушылардың тізімдері, диагностикасы жасалды. Деректер мектеп құжаттарын зерделеу, сынып ұжымдарының әлеуметтік паспорттарын жасау, ата-аналармен, оқушылармен әңгімелесу, тестілеу, сауалнама арқылы алынды. Барлық жұмыстың нәтижесінде мектептің әлеуметтік төлқұжаты жасалды. Осы жұмыстың негізінде келесі отбасылар мен мектеп оқушылары анықталды:

2023 – 2024 оқу жылындағы әлеуметтік төлқұжаты:

№	Әлеуметтік санаттар	Саны
1	Барлық оқушылар	1-11 сынып – 999
2	Толық отбасылар саны Бала саны	560 785
3	Толық емес отбасылар саны Бала саны	167 214
4	Анасы жоқ балалар	4
5	Әкесі жоқ балалар	14
6	Көпбалалы отбасылар саны Бала саны	112 256
7	Аз қамтылған отбасылар саны (тамақтану)	18

	Бала саны	32
8	Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылар саны	7
	Бала саны	15
9	Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	1
10	Жетім балалар	4
11	Мүгедек балалар	17
12	Ерекше білімді қажет ететін балалар	17
13	Азаматтығы жоқ білім алушылар	0
14	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	4
15	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	2
16	Мектепшілік есепте тұрған білім алушылар	4
17	Мобильді топ бақылау есебінде тұрғандар	
17	Діни бағыттағы оқушылар	

Осы оқу жылында негізгі профилактикалық бағыттар бойынша бірқатар жұмыстар атқарылды. "Тәуекел тобындағы" балаларға ерекше көңіл бөлінді. Әрбір оқушыға: оқушымен жеке-профилактикалық жұмыстың кешенді жоспары; мінездеме; отбасын, өмір сүру жағдайларын және материалдық-тұрмыстық зерттеу актілері жасалды. Бір жыл ішінде мектепте ата-аналармен жұмыс жүргізілді, профилактикалық жұмыстың дәстүрлі, бірақ тиімді түрлері қолданылды:

- ата-аналармен, мектеп әкімшілігімен, әлеуметтік педагогпен, мектеп психологымен бірлесіп жеке әңгімелесулер;
- Тақырыптық ата-аналар жиналыстары, кеңес сағаттары;
- рейдтік шаралар.

Өткізілген іс-шаралардың мақсаты: ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, олардың отбасы тәрбиесіндегі психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру, отбасы мен мектептің балаларды тәрбиелеудегі бірыңғай тәсілдерін әзірлеу. Бірақ бұл мәселеде мектеп ата-аналардың балаларының бос уақытын ұйымдастыруға қызығушылығының болмауы сияқты проблемаға тап болады.

Жоғарыда көрсетілген кәсіби жұмыстан басқа 2023-2024 оқу жылы қосымша профилактикалық бағыттағы іс-шаралар ұйымдастырылды және өткізілді, онда осы санаттағы балалар мен олардың ата-аналары (заңды өкілдері) міндетті түрде қатысты.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 Қаулысы негізінде және мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға қаржылай және материалдық көмек алуға 36 өтініш түсті.

2023-2024 оқу жылында жоғарыда аталған қаржылық және материалдық көмек алу құқығы бар төмендегі оқушыларға оқу жылына бір рет 40567 теңге көлемінде қаржылай көмек ата-аналарының есеп шоттарына аударылды.

ЖББҚ (Жалпы бірдей білім беру қорынан) 66 оқушыға 40567 тг. Барлық суммасы: 2 677 422 теңгені құрады.

Оқу жылында балалық шақтың құқығын қорғау бойынша бірнеше бағытта жұмыстар жүргізілді. Мектептің әлеуметтік желілерінде және мектеп сайтында балалардың құқығын қорғау бойынша жаднамалар мен материалдар жарияланды. Мектеп қабырғаларында сенім телефондары мен ақпараттық стендтер ұйымдастырылды.

Білім алушылар мен ата-аналарға бала құқығының бұзылуы фактілері және басқа да мәселелер бойынша әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді.

№729 орта мектебінде жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 6 білім алушы. Оқу жылында жетім және АҚҚ оқушылардың жәрдемақыларының мақсатты жұмсалуды, мүлкінің сақталуы бойынша жұмыстар атқарылды.

«29 қазан – Қамқоршылар күні» мерекесіне орай аудандық білім бөлімімен бірлесіп №29 орта мектебінде «Қорғаншылар күні» оқушылардың қамқоршыларына қолдау көрсетілді. Баланы өз тәрбиесіне алған қорғаншылар мен қамқоршыларға алғыс айтып, құрмет көрсетілді. Қамқоршыларды айтулы мерекесімен құттықтап, білім бөлімінің басшысының алғыс хаты мен сыйлықтар табыстады.



Жетім және ААҚҚ оқушылардың алты ай сайынғы есебі білім бөлімінің қамқоршылық және қорғаншылық бөліміне уақытылы тапсырылды.

2023-2024 оқу жылы басында мектеп жасындағы балалар арасынан денсаулығы бойынша ерекше қажеттіліктері бар білім алушылар анықталып, құжаттары жинақталды, тізімі бекітілді. Сонымен қатар жалпы білім беретін мектептерде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекеленген санаттарына денсаулығына байланысты үйден жеке тегін оқытуды ұсыну үшін өтініштер мемлекеттік қызмет көрсеттіледі.

Оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтылуы туралы мәлімет

2023- 2024 оқу жылында жалпыға бірдей білім қорынан әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан 43 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. 2023-2024 оқу жылында бастауыш 1-4 сынып оқушыларыда 399 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. Сонымен қатар ыстық тамақтың ұйымдастырылуына жұмыс жоспары құрылды. Асханада мектеп әкімшілігінің класс жетекшілермен бірлескен кезекшілік кестесі құрылып, бекітілді.



Ыстық тамақтың ұйымдастырылуын бақылауға оқу жылының басында бракеражды және тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссиясы төмендегідей құрамда бекітілді:

Комиссия төрайымы –А.К. Хомутова - мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Мүшелері:

1. Л.Н.Кокозенко - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
2. Т.Алитурлиева – әлеуметтік педагог
- 3.Г.С.Сагандыкова – мектеп медбикесі
4. Б.Т. Рысшанова – қамқоршылық кеңесінің төрайымы
5. М.А.Есегова - директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары
6. Г.Б.Нурушева – мектеп бухгалтері

Жоспарға сай бракеражды комиссия мүшелері тамақтану сапасына мектеп асханасына мониторинг жүргізді.

Жоспар бойынша қыркүйек айынан бастап «Дұрыс тамақтану, денсаулық кепілі» дегендей тамақтану бойынша сауалнама алынып оқушылар толық жауап берді.

1-2-класс оқушыларына , 3-4-кластарға «Дұрыс тамақтану- денсаулық кепілі» тақырыбында мектебіміздің медбикесі Г.С.Сагандыкова түсіндіру жұмыстарын өткізді.

Мектебімізде әртүрлі есепте тұрған білім алушылар туралы сандық ақпарат төмендегідей:

Мектепшілік есепте тұрғандар – 4

Қолайсыз отбасы – 2.

Аудандық ІІБ есебінде тұрғандар – 2.

Есепте тұрған оқушылардың үй-тұрмыс жағдайлары жасалынып, ата-аналарына әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді. Оқушылардың есепке алынуының әлеуметтік себептерін анықтау мақсатында әлеуметтік сауалнамалар алынып, отбасыларына әлеуметтік-педагогикалық мінездеме берілді.

Балалардың есепке алынуының алдын алу мақсатында прокуратура, аудандық ішкі істер бөлімі және аудандық білім бөлімімен бірге «Бала құқығы», «Құқықбұзушылықтың салдары», «Менің құқығым» тақырыптарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Өгей әке- шешемен тұратын оқушылармен жасалынған жұмыс туралы мәлімет.

№29 мектеп бойынша өгей ата-анамен тәрбиеленіп жатқан оқушылар тізімге алынып, үнемі бақылауда болды. 2023-2024 оқу жылында өгей әкемен тәрбиеленетін 31 оқушы, өгей анамен тәрбиеленетін 2 оқушы бар, туыскандарының үйінде оқушы жоқ. Сол тізімге сай жылына екі рет директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Хомутова А.К., мектептің әлеуметтік педагогі Алитурлиева Т.К., мектеп психологы Ильчак О.Н., класс жетекшілердің қатысуымен оқушылардың үйлері араланып, тұрғын үй тұрмыстық жағдайларын зерттеу АКТ-і жасалды және де ата-аналармен жеке сөйлесіп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Класс жетекшілер тарапынан аталған санаттағы оқушылардың күнделікті сабаққа қатысымы тексеріліп, үйірмелермен қамтылуы және үйірмелерге уақытылы келуі қадағаланып отырады. Оқушылардың күнделікті көңіл-күйі әр пән мұғалімінің де назарынан тыс қалмайды.

Сонымен қатар демеушілер есебінен 2023-2024 оқу жылындағы «Жасыл шырша» мерекесі кезеңінде 42 оқушыға тәтті сыйлықтарын тарту етті. Олар: бір ананың тәрбесіндегі(әкесі қайтыс болған) ерекше білімді қажет ететін және жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, көп балалы, жекеленген санаттағы , қолайсыз отбасы оқушыларына Аяз атамен бірге жаңа жылдық сыйлықтар таратылды.



Асхана жұмысын сапалы ұйымдастыру

Мақсаты: Мектепте тамақтану жүйесін ұйымдастыру мен мектеп асханасының оқушыларды тамақтандыру сапасын бағалау.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңының 43-ші бабының 3 тармағының 11 тармақшасына, 45 бабы 3 тармағының 4 тармақшасына, 48 бабына сәйкес, ҰҰБ Балалар құқықтары Конвенциясының 24 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 10 тамыздағы № 359 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес мектепалды және 1-11 сынып оқушыларының білім алуын қамтамасыз ету және оған жағдай жасау мен бөлінген бюджет қаражатының мақсатты түрде жұмсалуды қамтамасыз ету мақсатында оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету жүзеге асырылды.

2023-2024 оқу жылының басталуына орай мемлекет бюджетінен тегін тамақтанатын оқушы саны – 38. Тегін тамақтанатын оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуын әлеуметтік педагог Т.К.Алитуралиева бақылайды.

Ыстық тамақпен қатар буфеттік тағамдар сатылады. Бір реттік буфеттік тағам кем дегенде 200 теңге құрайды.

Оқушыларды ыстық тамақпен тамақтандыру ас мәзірге сәйкес жүзеге асырылады. Облыс бойынша бірыңғай ас мәзірі бекітілді, сол ас мәзірге сәйкес мектеп медбикесі күнделікті мәзір құрылып, мектеп директорымен бекітіледі.

Оқушылардың уақытылы тамақтанып, сабақтарына үлгеруі үшін тамақтану кестесі және тамақтану барысында тәртіп сақтауы үшін әкімшілік пен мұғалімдер қатарынан кезекшілік құрылған.

Мектеп асханасында 100 орын бар. Оқушылардың қол жуатын жері, қол кептіргіштері ұйымдастырылған. Жалпы асхананың санитарлық жағдайы, аспаздардың сыртқы киімі санитарлық талапқа сай.

Оқушыларға берілетін тамаққа күнделікті бақылауды медбике Г.С.Сагандыкова жүргізеді және нәтижесін келесі журналдарға енгізеді: «Азық-түлік бракераж журналы», «С-витаминизация журналы», «Дайын тамақтың сапасын бақылау журналы».

Мектеп асханасының жұмысын бақылау және оқушылардың тамақтану деңгейіне мониторинг жүргізу мақсатында 2023 жылдың 1 қыркүйегі күнгі «2023-2024 оқу жылында

бракераждық комиссия мүшелерін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес Бракераждық комиссия жұмысы ұйымдастырылды.

Комиссия төрайымы –А.К. Хомутова - мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Мүшелері:

1. Л.Н.Кокозенко - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
2. Т.Алитурлиева – әлеуметтік педагог
- 3.Г.С.Сагандыкова – мектеп медбикесі
4. Б.Т. Рысшанова – қамқоршылық кеңесінің төрайымы

Қорытындылау келе, комиссияның жұмысы Бракераждық комиссия туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады, жыл басында бекітілген жоспарға сәйкес жұмыс істейді.

Бракераждық комиссия айына 1 рет асхана жұмысын бақылап, нәтижесі акт түрінде рәсімделеді.



Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылу көлеміне мониторинг жүргізіліп және инстаграм желісіне салынып отырылады.



2023-2024 оқу жылындағы мектеп кітапханасында атқарылған іс-шаралар туралы анықтама

Жобаның мақсаты:

-Оқу мәртебесін, оқу белсенділігін, оқу сапасын арттыру, оқушылардың интеллектуалды әулетін, отбасылық кітап оқу дәстүрін арттыру

Жобаның міндеттері:

-Мектеп оқушыларының кітап оқу белсенділігін арттыру;

-Отбасылық кітап оқу дәстүрін жалғастыру;

-Оқушылардың оқырмандық мәдени тәрбиесін, көркем әдебиетке, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.

Жобадан күтілетін нәтижелер:

--Мектеп оқушыларының кітап оқу белсенділігін артады;

- Отбасылық кітап оқу дәстүрі жалғасады;

-Оқушылардың оқырмандық мәдени тәрбиесін, көркем әдебиетке, кітапқа деген қызығушылығын дамиды.

Оқушыларға білімнің кілті кітап арқылы берілетінін ұғындару, кітаптың адм өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы, олардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, кітапты құрметтеу, күтіп таза ұстауға тәрбиелеу мақсатында 1 сыныптарға “Кітапханаға саяхат” тақырыбында саяхат ұйымдастырылды.





2017 жылғы “Қазақстан Республикасында мереке күндер тізбесін бекіту туралы” қаулысымен 5 қыркүйек қазақ тілі мерекесі деп бекітілді. Атаулы датаның өзгеру себебі - “Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы-тіл” деген ұлағатты сөз қалдырған, қазақ халқының тағдыры мен тілі үшін күрескен Алаш арысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күнімен байланысты. Қазақ тілі мерекесін атап өту мақсатында “Тілім менің тірегім” атты мерекелік шара өтті.



Қазан айында “Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында Ыбырай Алтынсарин өлеңдерінен 4 сынып оқушылары мәнерлеп жатқа оқыды.



16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай “9 айға 9 іс шара” және “Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында, “Тәуелсіздік мен үшін” челленджі ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушылардың патриоттық сезімдерін ояту, кітапқа қызығушылығын арттыру және Отан сүйгіштікке тәрбиелеу.




Жаңа тоқсанның басы әрине кітапханашы ретінде кітап жанашыры болу басты мақсат болып табылады, сол себепті “Қалың қалай оқулық?” оқушылардан оқулықты таза, ұқыпты ұстауға шақыру жолында оқулықтардың жағдайын қарап қадағалау барлық кластарға рейті жүргізілді.

“Менің сүйікті кітабым” акциясы аясында 2А класы, класс жетекшісі Сактаганова А. әр оқушы өздерінің ұнатқанбалалар көркем шығармаларын оқу арқылы өз ойларымен бөлісіп кейіпкерлер туралы ой бөлісті.



Сонымен қатар республикалық акция “Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында бастауыш сыныптар қазақ және халық ертегілерінен қойылымдар қойып өз өнерлерімен тәнті етті. Қойылымның басты мақсаты оқушыларды біріншіден кітапқа деген қызығушылығын арттыру және сөздік қорларын молайту , сақынаға икемдеу арқылы өнерге баулу. Қазақ поэзиясының - Хан Тәңірі атанған М. Мақатаевтың туған күніне арналған “Жырлайды жүрек” атты 6 сыпын оқушылары арасында мәнерлеп оқу ұйымдастырылды.

3-4 орыс, қазақ кластарының арасында Мұхтар Мағауиннің шығармаларынан үзінді оқу челлендж өткізілді және Республикалық ғылыми - педагогикалық кітапханасының ұйымдастыруымен облыс көлеміне челлендж барысында халық қаһарманы, партизан Қасым Қайсеновтің “Жау тылындағы бала” шығармасы берілген болатын, сол мақсатта шығарма төңірегінде алдымен 8А класс оқушысы Мүсілім Әділ алғы сөз ретінде челленджді бастап мектебіміздің 9-10 сынып оқушылары ұсынды . Осын көркем туындыны оқушылар өз ойларымен бөлісті, 5-6 кластар туынды желісімен сурет байқауы өткізілді Нәтежесінде, Тойманова М. 6Г орыс класы, Булекова Р. 5В орыс класының оқушылары І орын, Жылқыбаева А. 6А қазақ класы, Ибраева А. 5А қазақ класының оқушылары ІІ орын, Нұржан Н. 6А қазақ класы, Сидалеева З. 6В орыс класының оқушылары ІІІ орын иеленді.



12 сәуір Ғарышкерлер күніне орай “Ғарышқа түрен салған қыран қазақ” атты 2 сыныптар арасында іс шара өтті. Шараның мақсаты ғарыш әлеміне деген қызығушылығын қалыптастыру, ғарышкерге деген құрмет сезімін арттыру.



17 мамырда “Оқуға құштар мектеп” буккроссинг ұйымдастырылып 5 сынып оқушылары ұйымдастырылған шараға атсалысты. Мақсат оқушылардың өздерінің оқыған шығармаларын айта отырып , кітапқа деген құштарлықтарын ояту, қызығушылықтарын арттыру.



«Ақтөбе қаласының № 29 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2023-2024 оқу жылында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстардың талдауы

Мектебімізде 28.09.2023 жылы «Балалардың қауіпсіздігі өз қолымызда» атты жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді.

Күн тәртібінде:

1. Жасөспірімдердің арасында құқықбұзушылықтың алдын алу.
2. Мектеп формасы.
3. Профилактикалық екпелер
4. Заңсыз ақша жинауды болдырмау

Полиция инспекторы Жусупбеков Н.А. білім алушылардың жолда жүру қауіпсіздігін, кешкі мезгілде заңсыз өкілсіз жүруіне болмайтындығы туралы түсіндірді.



10.11.2023 жылы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында полиция аға лейтенанты Жусупбеков Нурдастан Алибекович оқушыларға дәріс жүргізді. Іс-шараның мақсаты балалардың қатысуымен болатын жол-көлік оқиғалардың адын алу, жасөспірімдердің жолда жүру қауіпсіздігіне байланысты жолда жүру ережелерін түсіндіру. Қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстауы, қалта ұрлықтары, кешкі мезгілде заңды өкілінсіз жүрмеу, ұсақ бұзақылықтар, жасөспірімдер арасында жәбірлеу және топтық төбелес, бülлинг бойынша түсіндірме жұмыстарын 8-11 класс оқушыларына жүргізді.



Кәмелетке толмағандар жөнінде аумақтық полиция инспекторларымен жұмыс

01.02.2024 жылы 9 класс оқушыларымен кездесу өтті.

Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі учаскелік полиция инспекторы полиция аға лейтенанты Нурбаева Гаухар Габитовна 9 класс оқушыларымен құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Мектепшілік есепте тұрған оқушылармен күнделікті түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырылады. Сабаққа қатысу, сабақ үлгерімі, ата-аналармен үнемі байланыста болу. Мектепшілік іс шараларға қатыстыру, бос уақытын тиімді ұйымдастыру бойынша түсіндірме жұмыстары өтті.



27.02.2024 ж.күні № 29 ОМ КММ-да 8-11 класс оқушылары Құқық қорғау қызметкері полиция капитаны Н.А. Есенаманов 8-11 класс оқушыларымен кездесті.

Мақсаты: Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуы.

Полиция капитаны Н.А. Есенаманов білім алушыларға кешкілік уақытта көшеде жүрмеуін, қалада орын алып жатқан құқық бұзушылықтар туралы және суық қарумен жүрмеуін, мектептегі тәртіпті бұзбауын, себепсіз сабақтан қалмауын айта кетті. Көпшілік жердегі тәртіптері туралы, автобустағы қалта ұрлықтарынан қалай сақтану керектігін, интернет алаяқтарынан қақпағына түсіп қалмауын, буллингтің алдын алуы бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, видеороликтер көрсетті.



20.03.2024:ж. " Қауіпсіз каникул" атты тақырыбында оқушыларына дәріс өткізді. Мақсаты: Жасөспірімдердің арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуы. Көктемгі каникул кезінде қауіпсіз ережелерін түсіндіру, ұсақ бұзақылықтар, жолда жүру ережесін сақтау, көпшілік жерде өзін-өзі ұстауы,кешкі мезгілде заңсыз өкілсіз ойын-сауық орталықтарында сағат 22:00-кейін, көшеде сағат 23:00-ден кейін жүруге тыйым салынатыны ескертілді. Заң бойынша қолданылатын жаза түрлеріне тоқталып өтті.

Дәрісті өткізген учаскелік полиция инспекторы полиция аға лейтенанты Жеңісов Әділет Жеңісұлы.

Құқықұзушылықтың алдын алу бойынша "Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы білім алушыларға мектепке әкелуге тыйым салынған заттар туралы сынып сағаттары өткізілді.



Жолда жүру ережесі бойынша класс сағаттар


Балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру мақсатында, жолда жүру ережесін бұзбау, өз өмірлерін сақтай білуге тәрбиелеу. Жол белгілерін айыра білу дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Жол ережесін сақтайық, аман есен болайық», «Путешествие в страну дорожного движения», «Жол қауіпсіздігін сақтаймыз» атты сынып сағаттары өткізілді.



Күтілетін нәтиже: Балалар арасында жол жүру ережелерін бұзбау, өз өмірін сақтап қалу.

Жыл бойына ата-ана кезекшілігі

Мектеп пен ата-ана арасындағы байланысты нығайту мақсатында білім алушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу, үзілістегі тәртіпті қадағалау үшін «Ата-аналар» кезекшілігі ұйымдастырылды. Ата-аналар екі ауысымда кезекшілік атқарып, мектеп өміріне араласты.



Күтілетін нәтиже: ата-аналарды балаларының күнделікті мектеп өмірімен таныстырып, сабақ кезіндегі тәртіптерін дұрыстау, ата-ананың баласына деген ықпалын артыру, ата—мен мектептің ынтымақтастығын нығайту.

Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырыстары

Мектепте жыл бойына құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырыстары өткізілді. Кеңеске кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі учаскелік полиция инспекторы полиция аға лейтенанты Нурбаева Гаухар Габитовна және жергілікті учаскелік полиция инспекторы полиция аға лейтенанты Жеңісов Әділет Жеңісұлы қатысты.



Рейд кезекшілігі

Кешкі мезгілде мұғалімдер рейдке шықты. Оқушылардың кешкі мезгілде көшеде жүруін қадағалау үшін, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында.



Облыстық білім басқармасымен бірлесіп және қатысқан іс-шаралар, кездесулер өтті

Жыл бойына мектепшілік есепте тұрған оқушылар облыстық білім басқармасының ұйымдастырған іс шараларына қатыстырылды.

Мақсаты: балаларға дұрыс бағыт бағдар беру, өмірінде дұрыс жол таңдауды үйрету.



Жалпы оқу жылын 1-11 класс бойынша 953 оқушымен аяқтадық. Келесі жылға жоспар құрылып, бекітілуге ұсынылды.

S Күшті жақтары

- Оқушыларға қаржылай көмектің ұйымдастырылуы
- Әлеуметтік педагогтің тәжірибесін тарату мақсатында аудандық және облыстық семинарларға қатысу.

W Әлсіз жақтары

- Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы бойынша ыстық тамақ сапасы.
- «Мектепке жол» акциясы аясында көрсетілген көмектің көлемі.

O Мүмкіндіктері

- Оқушыларға бір реттік қаржылай көмек алу жұмыстарының жүйелілігі.
- Қайырымдылық шараларына демеушілерді тарту жұмыстарының нәтижелілігі.

T Қауіп-қатерлері

- Оқушылардың сабаққа қатысуы бойынша сараптамалық-талдау жүйесінің әлсіздігі.

Қорытынды

Бала тәрбиесі- қоғамның ортақ міндеті. Жас ұрпақтың тәрбиесіне айрықша көңіл бөліп, оларды ізгі істерге, игі мақсаттарға бағыттап, жұмылдыруымыз керек.

Бұл ретте барлық білім ордасында оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыру,

балалардың бойына адами құндылықтарды сіңіру, мектеп пен

отбасының өзара байланысын нығайту маңызды.

Мектептердегі біртұтас тәрбие бағдарламасы осы мақсаттарға жетудің тиімді әдіс-тәсілінің бірі.

2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында орындалған жұмыстарды «жақсы» деген баға беруге болады. «Тоғыз ай, тоғыз іс шара», «Төрт тоқсан,

төрт өнер», «Оқуға құштар мектеп», «Ата- аналарды педагогикалық қолдау» орталығы және «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының үш құндылықтарына негізделген жұмыстар уақытылы, сапалы орындалып отырды. Патриотизм мен азаматтық деңгейді арттыру мақсатында ұйымдастырылған қоғамдық қызметке, оның ішінде оқушылардың өзін - өзі басқаруы арқылы білім алушыларды тарту үлесі артқандығы байқалды.

Оқу жылы бойы мұғалімдер ашық сынып сағаттарын, сыныптан тыс іс-шараларды өткізді.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, баланың жеке басының даму процесіне, оның моральдық, танымдық, коммуникативті, эстетикалық, еңбек, физикалық әлеуетін қалыптастыруға педагогикалық әсер неғұрлым тиімді болғанын атап өткім келеді. Оқу және тәрбие процестерінің интеграциясы жүреді. Патриоттық тәрбие жөніндегі бағдарлама толық көлемде іске асырылды.

Жаңа оқу жылына сынып жетекшілерінің ӘБ өз алдына келесі міндеттерді қояды:

- Патриоттық тәрбие беру бойынша әдістемелік жұмысты жалғастыру.
- Экологиялық тәрбие бойынша әдістемелік жұмысты жалғастыру.
- Оқушылардың, балалар ұжымының тұлғасын аналитикалық-диагностикалық зерттеу бойынша әдістемелік жұмысты жетілдіру.

Тәрбие жұмысын талдай отырып, оң және теріс нәтижелерді ескере отырып, біз **2024-2025 оқу жылында** қызметтің келесі аспектілеріне назар аудару керек деген қорытындыға келдік:

- Қосымша білім беру ұйымдастырушылары жұмысын жандандыру қажет;
- жұмыстың инновациялық түрлерін пайдалана және қолдана отырып, "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы бойынша жұмысты жалғастыру;
- оқушылармен жүйелі кәсіптік бағдар беру жұмысын жолға қою (оқушылардың өмірлік өзін-өзі анықтауына көмек көрсету);
- кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қадағалаусыздықтың алдын алу бойынша жұмысты жалғастыру, балаларды мектеп өміріне, сыныпқа, үйірмелер, секциялар сабақтарына барынша тарту;
- ата-аналарды мектеп өміріне барынша тарту және оларды «Ата - аналарды педагогикалық қолдау» орталығын іске асыруға тарту;
- «Ағалар», «Жеңгелер» клубтарын ашып, жүйелі жұмыс жүргізу;

- білім алушыларға қосымша білім беру жүйесін кеңейту, яғни шығармашылық бағыттағы үйірме жұмыстарын ұйымдастыру қажет.

Задачи на 2023/2024 учебный год

С учетом реальных возможностей педагогического коллектива школы, на основании педагогического анализа проблем педагогическим коллективом школы были определены задачи на новый учебный год:

- Повышение качества знаний учащихся через формирование предметных компетенций;
- Повышение уровня компетентности педагогического коллектива через профессиональный рост педагогов для повышения качества образования;
- Формирование гражданской и социальной позиции личности, патриотизма и национального самосознания участников образовательного процесса посредством активизации воспитательной работы.
- Вести работу с одаренными и трудными учениками через стимулирование познавательной деятельности учащихся, развитие консультативной деятельности
- Продолжить работу по теме «Внедрение технологий soft skills в практику современного учителя» , развитие сотрудничества с партнерскими школами, с родителями учащихся
- Продолжить работу в рамках проекта «Цели устойчивого развития»: ЦУР 2 «Ликвидация голода», ЦУР 13 «Борьба с изменением климата»
- Пропаганда здорового образа жизни среди учащихся и их родителей